



Олжас Бектенов сарапшылармен экономиканы дамыту мәселелерін талқылады

Премьер-министр Олжас Бектенов экономикалық блок сарапшыларымен кездесу өткізді. Онда экономикалық даму және экономиканың басым салалары, сондай-ақ сыртқы тәуекел мәселелері сөз болды.

Жиынды аша отырып, Үкімет басшысы орнықты экономикалық өсуді қамтамасыз ету және халықтың нақты әлауқатын арттыру басым міндет болып қала беретінін атап өтті. Олжас Бектенов сараптама мен кеңестер алу үшін жұмыс тәсілдерін жан-жақты талқылау бойынша кездесулердің маңыздылығына тоқталды.

Кездесу барысында сарапшылар қауымдастығының өкілдері экономикалық өсудің негізгі мәселелері мен бағыттарына өз бағасын берді. Сарапшылар сондай-ақ жаһандық процестер мен әлемдік конъюнктураның ықпалын ескере отырып, ұлттық экономиканың даму қарқыны бойынша болжамын айтты. Салалық жаңғыртудың басымдықтары, нарықтың неғұрлым

өзекті сұраныстары және олармен технологиялық бастамаларды өзара байланыстыру бойынша ұсыныстар айтылды.

Президент мемлекеттің қолдауын дұрыс түсінбейтін кәсіпкерлерді сынға алды.

Еуразия ұлттық университетінің Директорлар кеңесінің төрағасы Жақсыбек Күлекеев, NAC Analytica басқарма төрағасы Расул Рысмамбетов, AERC Қолданбалы экономика зерттеу орталығының бас директоры Жәнібек Айғазин, Visor инвестициялық компаниясының басқарушы серіктесі Алмас Чукин, Зерттеу және консалтинг орталығының серіктесі Әнуар Боранбаев, CSI жеке консалтингтік компаниясының аға серіктесі Олжас Құдайбергенов, «TALAP қолданбалы зерттеулер орталығы» қоғамдық қорының директоры Асқар Қысықов, «Комментарий» талдау тобының жетекшісі Эльдар Шамсутдинов пікірлері мен ұсыныстарын айтып, сөз сөйледі.

Инфляцияға қарсы күрес шаралары, отандық өндірісті

ұлғайту, салықтық әкімшілендіруді жетілдіру, ЖИ-ді дамыту үшін электр энергиясын өндіру, инвестициялар тарту мәселелері талқыланды.

Биыл Үкімен пен әкімдер көп жұмыс істеуі керек. Салық реформасын талқылау кезінде өтпелі кезеңнің маңыздылығы атап өтілді. Үкіметтің шешіміне сәйкес ҚҚС бойынша есепке қою шегінен асқан салық төлеушілер әкімшілік жауапкершілікке тартылмайды. Салықтар бойынша өсімпұлдар мен айыппұлдар қарыздың негізгі сомасы 2026 жылдың 1 сәуіріне дейін өтелген жағдайда есептен шығарылады.

Кездесуді қорытындылай келе Премьер-министр Үкімет пен сарапшылар қауымдастығы арасындағы тұрақты диалогтың маңыздылығын атап өтіп, жауапты мемлекеттік органдарға айтылған ұсыныстарды пысықтауды тапсырды.

Бұған дейін хабарланғандай, Үкімет ғылым мен жоғары білімді дамытудың 2025 жылғы қорытындысын шығарды.

Қазақстанның түркі елдеріне экспорты 7,6 млрд долларға жетті

2026 жылы Қазақстан Түркі сауда-өнеркәсіп палаталары одағына төрағалық етті. Өткен жылы бұл міндетті Әзербайжан атқарған болатын. Төрағалықтың ауысуы 8 қаңтар күні Астанада өткен ТССІ үшінші Бас ассамблеясы барысында жүзеге асты. Бұл кезең Қазақстанның Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдермен саудасының тұрақты өсімімен сәйкес келді.

QazTrade Сауда саясатын дамыту орталығының мәліметінше, 2025 жылдың қаңтар-қазан айларының қорытындысы бойынша Қазақстан мен Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдер арасындағы тауар айналымы 10,4 млрд АҚШ долларын құрады. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда шамамен 11 пайызға жоғары. Өсімнің негізгі үлесі экспортқа тиесілі. Экспорт 17 пайызға артып, 7,6 млрд долларды құрады. Ал импорт керісінше 2,8 млрд долларға дейін төмендеді. Нәтижесінде сауда балансы жақсарып, профицит 4,8 млрд долларға жетті.

QazTrade бас директоры Айтмұхаммед Алдажаров бұл динамика түркі елдерінің нарықтарында отандық өнімге тұрақты сұраныс бар екенін көрсететінін атап өтті.



6 отандық спутник экспортқа шығарылады.

Экспорттың өсуі бидай, мыс, мұнай, күнбағыс майы, металл өнімдері, сондай-ақ агроөнеркәсіп кешені мен тамақ өнеркәсібі өнімдерін жеткізу есебінен қамтамасыз етілді. Бұл ретте ең жоғары өсім өңделген өнімдерге тиесілі болды. Бұл экспорт құрылымының жоғары қосылған құны бар тауарлар жағына қарай біртіндеп өзгеріп келе жатқанын көрсетеді.

Табиғи газ және кейбір жартылай фабрикаттар сияқты жекелеген шикізат тауарларының жеткізілімінің төмендеуін QazTrade теріс үрдіс емес, құрылымдық қайта құрудың бір бөлігі ретінде қарастырады.

Қазақстан Азия үшін ет өнімдерінің ірі экспорттаушысы бола алады

Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдермен сауданың негізгі бөлігі Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан және Әзербайжанға тиесілі. Бұл бағыттар жалпы тауар айналымының шамамен 96 пайызын құрайды. Мұндай шоғырлану логистиканың жақындығымен, орнықты сауда байланыстарымен және болжамды сұраныспен түсіндіріледі.

«2026 жылы Қазақстанның Түркі сауда-өнеркәсіп палаталары одағына төрағалық етуі бізге Одақтың экономикалық күн тәртібін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл-халқының жиынтық саны 160 миллионнан асатын түркі елдерінің нарықтары, онда Қазақстан өніміне тұрақты сұраныс бар екенін көріп отырмыз. Негізгі назар – өндірушілер арасындағы кооперацияны кеңейту және компаниялар арасында тікелей B2B-байланыстар құру», деді QazTrade бас директоры Айтмұхаммед Алдажаров.

Айта кетейік, Қазақстан май экспортынан 532 млн доллар табыс тапты.

«Созақ үні»-ақпарат.

Әскери қызметке жарамдылық дәрежесі туралы анықтаманы онлайн алуға болады

«Smart военкомат» жобасы аясында Қорғаныс министрлігі e-Gov порталында жаңа функцияны іске қосты.

— Қолданушының Жеке кабинетінде әскери есепте тұруы, қызмет өткеру кезеңдері, сондай-ақ әлеуметтік төлемдерге құқығы туралы деректер бар. Ал ең көп сұралатын дерек – әскери қызметке жарамдылық дәрежесі туралы анықтама, — деп мәлімдеді Қорғаныс министрлігі.

Халыққа қызмет көрсету орталықтары біртіндеп жойылады: қызмет онлайнға көшеді.

Анықтамаларды алу үшін e-Gov порталындағы Жеке ка-



бинетке кіріп, Әскери қызмет бөлімінде Жүктеу батырма-

сын басу керек.

Қазақстанда төлқұжат онлайн форматта берілуі мүмкін. Алдағы уақытта бұл деректер m-Gov мобильді қосымшасы арқылы, сондай-ақ екінші деңгейлі банктерде де қолжетімді болады деп жоспарланып отыр. Бұл жаңашылдық:

- Оқу орындарына түсу;
- Әскер қатарына шақырылу;
- Құқық қорғау немесе арнайы органдарға қызметке орналасу кезінде құжаттарды жинау үдерісін жеделдетеді.

Айта кетейік, енді әдемі нөмірді кезекке тұрмай, онлайн алуға болады.

Аудандағы ішкі көшелерге 100 пайыз түнгі жарықшамдар орнатылды



Аудандағы елді мекендердің инфрақұрылымын жаңартып, қолайлы орта қалыптастыру жұмыстары қарқынды жүзеге асты. 2024 жылы аудандық бюджет есебінен 10 ауылдық

округ пен кенттерде 57 көше жарықтандырылды. 2025 жылы бұл жұмыстар бірнеше есеге артты. 143 шақырымды құрайтын ішкі көшелер толықтай түнгі жарық шамдарымен қамтамасыз

етілді. Нәтижесінде барлық ауылдар мен елді мекендердің ішкі көшелері 100 пайыз жарықтандырылды.

Сонымен қатар, аудан орталығы Шолаққорған ауылында орталық маңызы бар Жібек жолы және С.Қожанов көшелері абаттандырылды. 718 дана көше жарығы бағаналары мен 167 дана аяқжолға арналған жарық тіректері орнатылды. 120 дана орындықтар мен қоқыс жәшіктері қойылды. Веложолдар, суағар жүйелері және жаңартылған аялдамалар ел игілігіне берілді.

Бұл жұмыстар тұрғындардың қауіпсіздігін арттырып қана қоймай, елді мекендердің келбетін жақсартуға ықпал етті.

«Созақ үні»-ақпарат.



Талас өзені: су тағдыры-ел тағдыры

Су-тіршілік көзі. Ал суға қатысты мәселе-бүгінгі ауылдың ғана емес, тұтас өңірдің тағдырын айқындайтын өзекті тақырып. Соңғы жылдары Шу өзенінің суына байланысты Созақ ауданы үшін күрделі жағдай қалыптасқаны жұртшылыққа мәлім. Енді осы түйткіл Талас өзені төңірегінде де көрініс бере бастады. Жуырда ҚР Су ресурстары және иригация министрі Нұржан Нұржігітов Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданына арнайы іс сапармен келіп, «Фурманов» су торабы жанындағы айналма каналға өткен жылы жүргізілген механикалық тазалау жұмыстарының нәтижесімен танысты. Бұл жұмыстар Шу өзенінің суын Созақ ауданына экологиялық мақсатта жеткізудің нақты алғы шартын қалыптастырды. Аталған кездесуге Созақ ауданынан арнайы делегация қатысып, аудан мүддесін ашық әрі жүйелі түрде қорғады. Делегация құрамында Созақ ауданы әкімінің орынбасары Серік Маманов, аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Бекзат Мыңжасаров, «ҚазСуШар» МКК-ның аудандық бөлімше басшысы Тастыбаев Қанат, Қымкент ауылының тұрғындары, сондай-ақ «Ел Мүддесі» қоғамдық бірлестігінің мүшесі Амантай Қожабеков ақсақал болды. Кездесу барысында Созақ делегациясы Шу өзенімен қатар Талас өзенінің суын да аудан аумағына жеткізу мәселесін нақты көтерді. Әсіресе, Амантай қарияның халық атынан айтқан уәжі министр тарапынан қолдау тауып, мәселе назарға алынды. Нәтижесінде Нұржан Нұржігітов сала басшыларына нақты тапсырмалар берді.

Осы тапсырмалардың негізінде «Талас-Шу» бассейндік инспекциясының инспекторлары Сарысу және Талас аудандарына барып, Талас өзенінің жоғарғы сағасындағы су көлемін, арналардың техникалық жағдайын зерттеді. Бұл жұмысқа Созақ ауданынан Қымкент ауылының әкімі Ерзат Балықбаев, «ҚазСуШар» РМК-ның Созақ ауданындағы бөлімшесінің басшысы Қанат Қайратұлы, «Ел Мүддесі» ҚБ төрағасы Данияр Бек бастаған азаматтар: Қожабеков Амантай, Айдарбеков Байділдә, Алтынбеков Әшімхан қариялар қатысып, ел мүддесін қорғау жолында белсенділік танытты. Зерделеу барысында Талас өзенінің жоғарғы ағысындағы елді мекендер тарапынан қарсылықтың бар екені де анық байқалды. Дегенмен, Созақ делегациясы бұл мәселені тек жергілікті деңгейде емес, заң аясында, министрлік арқылы шешу керектігін айқын ұстанымымен жеткізді. Талас өзенінің суы Созақ даласына жеткен жағдайда мыңдаған гектар жайылым мен шабындық қайта жанданып, экологиялық жағдай оңалар еді.

Сонымен қатар, тартылуға шақ қалған Қағзыл көлді қалпына келтіріп, оны туризм мен емдік мақсатта пайдалану мүмкіндігі тұмақ. Осы бағытта «Ел Мүддесі» қоғамдық бірлестігі аудан әкімдігімен бірлесіп, Қызыл көлді жергілікті деңгейде қорғау және дамыту мақсатында аудан иелігіне беру жөнінде Үкімет пен Парламентке ресми өтініш жолдады. Экология министрлігінің алғашқы жауабы бұл бастаманың заңды негізі бар екенін көрсетіп отыр. Қорытындылай келе, Шу мен Талас өзендерінің суын өңірге жеткізу-тек бір ауданның емес, тұтас аймақтың ортақ мәселесі. Бұл жолда Созақ ауданынан барған делегацияның табандылығы мен ауыз біршілігі нақты нәтижеге бастайтынына сенім мол. Ел бір болса-су да келеді, ырыс та келеді.

Данияр БЕК,
«Ел Мүддесі» ҚБ төрағасы,
«Созақ үні» газетінің аға тілшісі.

«Аманат» партиясы мен ардагерлерге автокөлік сыйлады

Жылдың басы жақсылықпен, игілікті іспен бастау алды. Қасиетті жұма күні аудан орталығы Шолаққорған ауылындағы аудандық ардагерлер үйінде аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, «АМАНАТ» партиясы Созақ аудандық филиалының атқарушы хатшысы Сейдахметұлы Талғат, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов, аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Мұрат Сапаров, аудан ардагерлері, зиялы қауым, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері бас қосты. Аудан басшысы аудан ардагерлерін жыл басы Жаңа жылмен тағы да құттықтап, кеңестің келелі жұмыстарына сәттілік тіледі.

-Ауданымыз ескі жылды табыспен шығарып салды. Алдағы жылымыз да табысты, толағайға толы жыл болсын. Бүгін жылдың басы жақсылықпен басталсын деп, кәсіпкер балаларыңыз сіздерге өз тартуымен келіп отыр екен. Мерекеміз әрқа-



дандық ардагерлер кеңесіне және «Аманат» партиясының Созақ аудандық филиалына жеңіл көліктің кілтін тапсырды.

-Мен бұл игі бастаманы қариясын сыйлаған елдің

терінің жемісін көрер қарияларымызға жасалған құрметтің бір тамшысы ғана деп білемін. Алдағы уақытта да қолымнан келгенше кіндік қанымыз тамған туған елге, атамекенге, ауданымызға көмегімді аямаймын. Мына көлікті тек елдің игілігі мен қызықшылықтарға мінгіздер!-деді Сырым Сексенбай мырза.

-Кәсіпкер баламызға аудан ардагерлері атынан үлкен алғысымызды білдіреміз. Аудандық ардагерлер үйіне берген көлік, бүкіл Созақтың қарияларына берген сыйлығыңыз болады. «Әке көрген оқ жонар» демекші республикаға танымал Сексенбай қажының тәлімді тәрбиесін алған немересі ретінде қарияларымызды құрметтеп жатсың. Мұның өзі үлкенді құрметтеу, ұрпақтар сабақтасығы ретінде ізеттілік пен көрегендік деп білеміз. Өмір жасың ұзақ, дені басың сау болып халыққа қызмет етіп абыз қарттардың ақ батасын ала бер!-деп Қабылбек ағамыз ризашылығын білдірсе, тоқсан жастағы Шәдібеков Анарбай ақсақал ақ пейілді ақ батасын берді.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.



шан осындай қуанышты күндерге ұласа берсін,-деді аудан әкімі.

Бүгінгі бас қосудың негізгі себебі ретінде ардагерлеріміздің бастары қосылған алқалы жиында Созақ ауданының тумасы, жас кәсіпкер Сырым Сексенбай Созақ ау-

ұрпағы ретінде, абыз ақсақалдың тәрбие тәлімін алған азамат ретінде аудан ардагерлеріне сый ретінде ұсынып отырмын. «Қартайғанша бейнет бер, қартайған соң зейнет бер» демекші талай жылдардағы еткен еңбек-

Оқу мәдениетін жақсартуға күш салайық

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазақстан жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басты» деген тақырыппен «Түркістан» газетіне берген сұхбаты көпшіліктің көңілінен шығуымен қатар, бірқатар ойларға жетелегені де рас. Иә, бүгінде әлем үлкен өзгерістер үстінде. Жаһандану дегенге енді жасанды интеллект қосылды. Технологияның қарыштап дамығаны соншалықты, жаңалық атаулының соңына ілесе де алмай қалдық. Осы ретте мемлекет басшысының «Қоғамымыз елең етерлік жаңалық оқып, бейнежазба көрумен шектелмей, мән-мағынасы терең ақпараттың да қадірін білгені дұрыс деп санаймын. Көптеген жастарымыздың да дәл солай ойлайтынына қуанамын. Себебі, олар адамды тығырыққа тірейтін елес-қиял әлемінде өмір сүруді емес, нағыз білім-ғылым жолына түсуді мақсат тұтады. Оқу мәдениеті жоғары елдер әрдайым жаһандық дамудың алғы шебінде бола беретіні сөзсіз. Бұған еш күмәнім жоқ» деуі де маған үлкен ой салды.

Рас, заман ағымына сай бүгінде жұртшылық бейнежазба көруді әдетке айналдырғаны жасырын емес. Бұл адамдарды оқудан, ой түйден алшақтатып бара жатыр. Бұған мысал көп. Айталық, кешегі баспасөзге жазылу кезінде ағартушылық қызмет атқаратын мұғалімдеріміз «бізге зорлық пен газетке жаздыруға болмайды» дегенді алға шыға-



Қабылбек ЕСПЕНБЕТОВ,
Созақ аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

рып, аса маңызды науқаннан бойларын аулақ салғылары келді. Иә, мұғалім бұл-қоғамның алдыңғы қатарлы адамдары. Қоғамның қозғаушы күштері де солар. Бірақ солай бола тұра олардың мән-мағынасы терең ақпараттарға аса мән бермеулері ойландырады. Адамдарды адастырап елес-қиял жастарды да тығырыққа тіреп тұр. Олардың арасында қай бағытқа жүрерлерін білмей адасып жүргендері де бар екенін жасырып, жабулауға болмайды. Сондықтан Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, оқу мәдениетін көтеруге барынша ат салысуымыз керек.

Баспасөзсіз білім, мәдениетіміз көгермейді

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың «Қазақстан жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басты» тақырыбында республикалық беделді басылым «Turkistan» газетіне берген кең көлемдегі сұхбатын бастан аяқ оқып шықтым. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жыл сайын мерзімді баспасөзге ауқымды сұхбат беру арқылы белгілі бір саяси дәстүр қалыптастырып келеді. Бұл әрине елмен етене жақын болудың бір көрінісі. Сұрақ-жауап бүкіл республика халқының көкейінде жүрген түйткілді сауалдардың барлығын қамтыған десе де болады. Әсіресе маған сұхбаттың ұнаған тұсы басылым мәселесіне қатысты Президенттің газет-журналға деген көзқарасы болды. Бүгінгі таңда газет-журналға жазылу керек десең шоршып түсетін алақат саналы азаматтардың саны артып келе жатқаны өтірік емес. Газет-журналсыз адамдар қалай өмір сүретінін мен көз алдыма елестете алмаймын. Күніне болмаса да екі күнде жаңадан келген басылымды бір ақтаран шықпасақ көңіліміз көншімейді. Әсіресе, ауылды жерлердегі ұстаздар, дәрігерлер, ауылшаруашылығы саласындағы мамандарымыз республика аумағында күнделікті болып жатқан саяси-қоғамдық ақпараттардан жаңалық естіп отырмаса қалай болады? Осыны меңзеген Президент:

«Газет-журналдар қайта өрлеу дәуірінің бастауында тұр. Себебі, әлеуметтік желі адамның ойлау (танымдық) қабілетіне зор зиян келтіріп жатыр. Жасы қырыққа жетсе де, білімі мен ой-өрісі он бес жастағы жасөспірімдер деңгейінде қалып қойған азаматтарды қазірдің өзінде кездестіруге болады.

Өз басым мерзімді баспасөзді жас кезімнен үзбей оқитыным рас. Әлі күнге дейін осы әдетімнен жаң-

ылған емеспін. Қазіргі таңда баспасөз заман талабына бейімделіп, ақпарат айдынынан өз орнын тауып отыр. Газет тілшілері жан-жақты шолулар мен терең сараптамалар жасауға баса мән береді, ағартушылықпен айналысады. Кәсіби әрі өз ісіне адал журналистер сапалы материалдар әзірлеп, дәстүрлі қынддықтарды сақтауға елеулі үлес қосып келеді. Мен сүйікті Отанымыздың игілігі үшін барлық салада табысты еңбек етіп жүрген мықты азаматтар туралы мәліметтерді көбінесе газеттерден аламын. Ел ішіне кең таралған TikTok, Instagram немесе Telegram арналары еңбек адамдарының шынайы тыныс-тіршілігінен алыс екенін өзіңіз де жақсы білетін шығарсыз.

Қоғамымыз елең етерлік жаңалық оқып, бейнежазба көрумен шектелмей, мән-мағынасы терең ақпараттың да қадірін білгені дұрыс деп санаймын. Көптеген жастарымыздың да дәл солай ойлайтынына қуанамын. Себебі, олар адамды тығырыққа тірейтін елес-қиял әлемінде өмір сүруді емес, нағыз білім-ғылым жолына түсуді мақсат тұтады. Оқу мәдениеті жоғары елдер әрдайым жаһандық дамудың алғы шебінде бола беретіні сөзсіз. Бұған еш күмәнім жоқ» деген сөзі көңілге қуаныш сыйлады.

Расында осы өзіміз оқып, талдап отырған сұхбаттың өзі дәлелдеп тұрғандай Президент айтқан мәселелердің шешімді кілті туралы әйдік сұхбатты газет-журнал болмаса қалай оқитын едік, республика халқының әрбірінің пошта жәшігінен не тауып алар едік. Сол себепті Президентіміз айтқандай оқу мәдениетіміз арқылы жаңа дәуірге жарқын үмітпен қадам басайық!

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
«Созақ үні» газетінің бас редакторы.

Өздеріңіз білесіздер өткен жылдары жаңа Салық кодексі халыққа жария ете салысымен көпшіліктің қызу талқысына түсті. Жұрттың көкейіне күдік-күмән ұялап, көптеген сауал туындады. Әсіресе, бір тиынын құрап, екі тиын ете отырып отбасын асырауды ойлаған қарапайым халық әрі-сәрі күй кешті. Жоғары биліктен зор үміт күтті. Президентіміздің күні кеше «Түркістан» газетіне берген сұхбатынан да жылы хабар күткені анық еді. Бұл мәселе төңірегінде Қасым-Жомарт Кемелұлы:

«Әрине, салық реформасы-өзекті мәселе және бұған қатысты пікірталас



Салық саясаты салиқалы жүргізілсе...

стардың болуы әбден түсінікті. Дегенмен, ел ішінде дүрбелең туғызып, жұртты дүрліктірудің ешқандай жөні жоқ. Біздің реформамыз-қатардағы «фискалдық науқан» емес, салық жүйесін қайта құру деген сөз. Алдымызда тұрған басты міндет-экономиканың тұрақты өсімін қамтамасыз ету. Үкіметке ашық әрі ұғынықты Салық кодексін әзірлеу тапсырылды. Министрлер кабинетінің бұл тапсырманы қаншалықты табысты орындап шыққанын биыл көретін боламыз.

Бұрынғы Үкімет қосымша құн салығын, тіпті, 20 пайызға дейін көтеруді ұсынды. Олар фискалдық саясатта қателік жіберілгенін ескере отырып, мұндай қадамның өте қажет екенін мойындады. Талқылау барысында қазіргі Үкімет те қосымша құн салығын 20 пайызға дейін көтеруді ұсынды. Алайда, мен Үкіметке оның жоғарғы шегін 4 сатыға төмендету туралы тапсырма бердім.

Жаңа Салық кодексінде бақылау жасауға емес, өзара серіктестік орнатуға баса мән беріледі, яғни, осы үдеріске қатысушылардың бәрі-мемлекет те, бизнес те, азаматтар да өз міндетін адал орындауға тиіс. Бірін-бірі өзара толықтырып тұратын мұндай жүйеде салық төлеу ауыртпалық ретінде қабылданбайтын болады. Түптеп келгенде, салық төлеу дегеніміз-зама-

науи қоғамдық келісімшарт деген сөз. Салық төлесеніз-қызмет көрсетіледі, инфрақұрылым салынады, қауіпсіз орта қалыптасады, тың мүмкіндіктер пайда болады. Керек десеңіз, бұл-әділдік болу үшін жүктемені қайта бөлу құралы, әлеуметтік тұрғыдан әлсіздерді қолдау және экономикалық тұрғыдан «белсенді ортаны» одан әрі дамыту тәсілі. Бүкіл әлемде фискалдық саясаттың тиімділігі оны жүргізудің сапасымен, жұрттың салық жөніндегі сауатымен және қоғамның сана-сезімімен өлшенеді. Салық төлеу мәдениеті дәл осылай қалыптасады. Салық төлеу бұрын міндет болса, енді отаншылдықтың озық үлгісіне айналады. Мұны сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғам құрудың төте жолы деуге болады. Себебі, салығын адал төлейтін азаматтар өз қаржысының алаяқтардың қалтасында кеткенін мүлдем ұнатпасы анық» деген сөзі көптің көңілінен шықты десе де болады. Сонда да болса алдағы уақытта ауылды жерлердегі майда сауда саттықпен күндерін көріп отырған қараша халықтың мүддесін қорғайтын бірыңғай салық жүйесі қалыптасады деген үміттеміз.

Ермахан АТЕМОВ,
Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы.

Алғыс айтамыз!

«Қаратаудың» қайырлы істеріне мың алғыс

Созақ ауданының аумағында, оның ішінде Қаратау ауыл әкімдігі өңірінде жұмыс жасап жатқан өндіріс ошақтарының бірі «Қаратау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бірнеше жылдан бері ауыл жұртшылығына әлеуметтік тұрғыда көмек қолын созып келеді. «Қаратау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры Искаков Дәуіржан Мұхамеджанұлы бас болып, HR және әлеуметтік жұмыс басқармасының директоры Унгарбаев Еркебулан Жумахановичке, менеджер Серикбаева Балғын Абдықадыровнаға Қаратау ауыл әкімдігіне қарасты Сарыжаз, Бақырлы ауылдарының тұрғындары атынан шексіз ризашылығымызды білдіргіміз келеді.

«Қаратау» ЖШС-нің ауыл үлкендерімен комиссия отырысында ақылдаса, шешімін шығара отырып ауылдағы жағдайы төмен, жартылай қамтылған және көп балалы отбасылардың қалалардағы университетте, колледжде де ақылы оқитын

студент балаларының оқу ақыларын төлеп беріп отыр. Өткен жылы үш-төрт студенттің оқу ақысын төлесе, биыл он студенттің оқу ақысын төлеп берді. Сонымен қатар жартылай ата-аналарынан айырылған балалардың, көп балалы отбасылардың жұмыссыз жүрген балаларын да өндіріске біртіндеп жұмысқа қабылдауда. Маңайымызда түрлі кен орындары жұмыс жасауда, бірақ солардың ішінде тек «Қаратау» ЖШС ғана қол ұшын созып елдің алғысы мен ризашылығын алуда.

«Менің М.Сапарбаев және М.Әуезов атындағы оқу орындарында оқып жатқан екі студент балама өндіріс орны жағдайымды ескере отырып оқу ақысын төлеп жатыр. Өндіріс басшыларына отбасым атынан шексіз аналық алғысымды айтамын,» дейді Қаратау ауылынан ата-ана Естанова Қарлығаш.

«Менің Ж.Тәшенов атындағы университетінде заңгер мамандығы бойынша бір студент

балам оқып жатыр. Осы Қаратау ЖШС баламның оқу ақысын төлеп берді. Оқу ақысына шынында менің қаржылық шамам келмес еді. Отбасымның атынан, өз атымнан зор алғысымды білдіргім келеді,-дейді ата-аналардың бірі қаратаулық Шәмшия Дүкенбайқызы.

Кеніштің басшылары мен қызметкерлеріне ауыл тұрғындары мен ата-аналары атынан үлкен алғыс пен ақ батамызды жолдаймыз. Олардың дендеріне саулық, еңбектеріне толағай табыстар, отбасыларына баянды бақыт тілейміз! «Алғыстың ең құрметтісі елдің алғысы!» дейді ғой асыл дінімізде де «Қайырлы, сауапты істер адам баласын түрлі бәле-жаладан сақтайды» деген хадис бар. Кеніш ұжымына тек жақсылықтарды тілейміз.

Жансұлу
Қуанышбаев,
Сарыжаз ауылдық ата-аналар комитетінің төрайымы,
Ардагер кітапханашы.

Ұлттық дәстүр, ислам мәдениеті

Мәдениет—ұлт өнерінің айнасы, ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан халықтың рухани келбеті, мейірімі мен парасат пайымы. Халқымызда «Өнер-ұлттың жаны» деген даналық сөз қалыптасқан. Тарихымыздан белгілі ерте темір дәуірінен бері ұлы даланы мекен етіп келе жатқан сақ, ғұн, үйсін, қаңлы секілді жауынгер тайпалардың Еуразия мәдениетіне үлкен үлес қосқандығы. Мәселен 1969 жылы Алтын адамнан табылған алтын әшекейлердегі аңдық стиль өнері Еуропада өмір сүрген сармат обаларынан табылған алтын әшекейлермен бірдей болып шықты. Тіпті барлығы бір адамның қолынан шыққан десе де болғандай. Сол секілді жер бетінде алғаш жылқы малын қолға үйреткен Ботайлықтар арқылы тұтас әлем жылқыны қолға үйретуді бастады. 1986-88 жылдары Алматы облысы Қызылкегең ауданы Майтөбе жерінен этнограф Ж.Баба-лықұлы тапқан тасқа қашалып салынған домбыраның суретін археолог К.Ақышев осыдан 4 мың жыл бұрын салынған деп топшылады. Демек бүгінгі күнмен есептесек бір ғана домбыраның тарихы алты мың жыл десе де болғандай. Осылай санамаласақ қазіргі қазақ халқының арғы тарихында ислам діні келгенге дейінгі әлем мәдениетіне қосқан үлесі зор. Тіпті Есік қорғанынан табылған 28 таңбалы әріптің өзі ерте темір дәуірінде өмір сүрген халықтардың төлтума жазуы болғандығын айғақтайды. Бұл мәліметтерді жазу себебін мәдениет екі түрлі қалыптасады. Бірі халықтың рухани мәдениет болса екіншісі материалдық мәдениет. Жоғарыда келтірілген мәліметтер ислам келгенге дейінгі Қазақ халқының әлемдік өркениеттің ошағына от тамызғандығын дәлелдейді. Ал ислам діні келгеннен кейінгі мәдени өміріміз қалай өзгерді. Ұлттық дәстүріміз ислам дінімен қалай байланысты, ислам өркениетіне қандай із қалдырды, осы жайында аз-кем ой қозғасақ.

Қазіргі таңда халқымызда ұлттық дәстүріміздің нышанына айналған ұлттық мейрамымыз Әз-Наурыз мейрамы. Наурызға байланысты халық аузында жинақталған аңыз әңгіме тым көп-ақ. Бұл мейрамның пайда болу тарихы осыдан 2-3 мың жыл алдын болған десе, этнограф профессор Ж.Артықбаев болса 10-13 мың жыл алдын болған деген ұстанымда. Себебі ел аузында сақталған тарихи дәлдікке жақын нұсқасы М.Ж.Көпейұлының нұсқасы. Онда былай дейді: «Кеме Қазығұрттың басына басына тоқтаған күн қасиетті Мұхарам айының оны екен, жұлдыз есебімен санағанда

күннің Хамалдың бірінші уәжібіне кірген күні» дейді. Мұны профессор былай түсіндіреді: «Араб күнтізбесі ай есебіне негізделгеннен кейін ылғи да өзгеріп отырады, дегенмен Мұхарам айы оларда қасиетті ай, жылдың басы деген құрметке ие, ал жұлдыз есебімен санасақ Хамал қазіргі уақытта Тоқты аталады және қазіргі наурыз айына сәйкеседі. Осы себепті қазақ жерінің батыс аймақтарында Наурызды «Амал мерекесі» деп те атайды, «Амал» дегені «Хамалдан» шығады» деген деректі келтіреді. Демек қалай болғанда да Наурыз мейрамының пайда болу тарихы Нұх пайғамбардың топан су қайтқаннан кейінгі болған оқиғалармен тікелей байланысты. Ал топан судың болған уақыты ғылыми көзқарастар негізінде осыдан 13 мың жыл алдын болған деседі. Бұл Наурыз мейрамын қазақ халқынан басқа күншығыс елдерінің көбі тойлайды. Сондай-ақ Үндістан, Иран, Ауған, Қырғыз, Өзбек, Кавказ елдерінің барлығында да тойланады екен. Бірақ тілдік және мәдени ерекшеліктерге байланысты түрлі атаумен аталады. Наурыз мейрамының қадір-қасиеті туралы Алаш зиялысы М.Дулатов 1923 жылы шыққан Еңбекші қазақ газетінде былай дейді: «Жер жүзіндегі жұрттардың бәрінің де түрлі-түрлі мейрамдары болады. Мәселен, дін мейрамы, ұлт мейрамы, мемлекет мейрамы деген секілді. Өзгелерді былай қойғанда, өзіміздің көршіміз орыс жұртын алсақ, бұл туралы қазақтың мақалы да бар: «Орыста мейрам көп, қазақта айран көп» деген. Біздің қазақ айранға бай болғанымен, мейрамға жарлы екендігі осыдан да көрінеді. Жалпы мұсылман жұрттарына ортақ жылына екі рет келетін ораза, құрбан айттарын есепке алмағанда, бізде жалғыз-ақ мейрам бар, ол—Наурыз» деген екен. Тарих толқынында 1926 жылы Наурыз мейрамын тойлауға Кеңес үкіметі тарапынан үзілді кесілді тыйым салынды. Бұл туралы А.Байтұрсынов: «Бұрыңғы кезде һәр елде наурыз туғанда мейрам қылып бас асып, қазан-қазан көже істеп ауылдан ауылға, үйден-үйге жүріп кәрі —жас, қатын-қалаш бәрі де мәз болып, көрісіп, араласып қалушы еді. Бұл кезде ол ғұрып қазақ арасында қалып бара жатқан секілді...» деп күйзеледі. Арада алпыс екі жыл дегенде 1988 жылы ҚазақКСР-ның бірінші хатшысы ретінде тағайындалған Г.В.Колбин 1986 жылғы қасіретті жамап-жасқау үшін ұлыстың ұлы күні наурыз мейрамын тойлауға шартты түрде рұқсат беріп, қазақ жанашырларының табандылығынан әрі аса алмады. Осылайша халқымызға ұлыстың ұлы күні

наурыз қайта оралған болатын.

Кейде ел арасында наурызды тойлауға болмайды. Бұл парсылардан келген, олардан алдын отқа табынушылар тойлаған. Сондықтан да отқа табынушылардың мейрамын тойлауға болмайды деп Алла Елшісінің бірді екілі хадисін жаттап алып шариғат соғып жататындары да болып жатады. Еуразия халықтарының көбінде «наурыз» сөзі кездеседі екен. Үнді-иран, герман-латын тілдес халықтарда «новый», «нео» яғни жаңа деген мағынаны білдіреді. Ал парсы тілінде «новруз» жаңа күн деген мағынаны білдіреді. Алайда парсыдан алыс қалың қарағайлы орман ішіндегі чуваш халқының тілінде де «ноурас-ойахе» яғни наурыз деген сөз бар. Осыған қарап наурызды тек парсылар ғана емес көне түркі халықтары да тойлаған деген тұжырымға келуге болады. Кезінде наурыз мейрамын тойлауға болмайды деген көзқарасты ұстанған Ханафи мазхабы ғалымдары да болған. Бірақ саны шектеулі. Өйткені сол ғалым тұратын өңірде наурыз кезінде отқа табынушылық элементтері (отты айнала жүгіру, оттан секіру, отқа сыйыну) болғандығы себепті осындай пәтуа берген болуы мүмкін. Ал Алла Елшісінің (с.а.с.) бір хадисінде: «Амалдар ниетке байланысты» деген сөзін ескерер болсақ наурыз мейрамының да шариғаттың жолынан алыс еместігін байқауға болады. Өз оқырманының жүрегіне жол тауып үлгерген Ұ.Нұрғалымұлының «Дай-ағашы» кітабында Алтайдың арғы бетін қоныс еткен қазақтардың өмірінен наурыз мейрамы туралы: «Ол күні ауырып отырғандар болмаса барлық адам ашық-жарқын болады. Әдетте, қабақтары құрмадай құрысып отыратын шалдардың өзі шұнаңдап балаларға тіл қатады. Ақсақалдар жылдың жайын, тәубе шүкірін айтады. Алладан елдің тыныштығын сұрап алақан жаяды. Ақсақалдар өнегелі әңгіме айтады. Жыр айтады...» деген мәліметтерді оқи отырып елдің амандығын Жаратқаннан сұраудың тағы бір жолы осы Наурыз мейрамы екен-ау деген ойға қаласың. Өйткені қазақта «қырықтың бірі Қыдыр» деген сөз қалған.

Орта ғасырда ежелгі түркі тілінде жарық көрген төрт кітаптың бірі Диуани лұғат-ат Түрік болды. Авторы Қашқар қаласынан шыққан Махмұд Қашқари. Осы кітапты жазар алдын былай депті: Барлық даланы аралап түріктен асқан найзагер, түріктен асқан жауынгер, түріктен асқан саудаға адал, түріктен асқан тілге шебер халықты көрмедім. Сол себепті түріктің сөздерін жинауға жолға шықтым деген екен. Яғни Махмұд Қашқаридің өмір сүрген кезеңі

ислам діні келгеннен кейінгі кезең екенін ескерсек түркілердің кезінде әдебиет саласының дамығандығын байқаймыз. Ж.Баласағұн өзінің еңбегі «Құтты Білік» еңбегін Қарахан ханына сыйлау арқылы үлкен дәрежелі атақ алды. Сол еңбек кейінгі жылдары археологиялық зерттеулер кезінде Сарайшықта табылды. Одан алдын Алтын Орда хандары, Осман сұлтандары, Мысыр мәмлүктері ел басқару ісінде қазіргі Конституцияның ролін атқарғандығы анықталуда. Бұл мәліметтер халқымыздың ислам дініне қосқан рухани мәдениеті.

Орта ғасыр ислам діні үшін ғылым мен сәулет өнерінің дамыған кезеңі. Кейінгі жылдары жаугершілік замандарда үйіндіге арналған ерте орта ғасырлық қалаларды қазу кезінде үйінділер астынан ежелгі қалаларда кәріз жүйесі болғандығы ғалымдарды таң қалдыруда. Бұған дейін далада өмір сүрген деп келген түркі халықтарын да осындай жүйенің бар екендігі әрине ислам дініндегі «Тазалық—иманның жартысы» деген Алла Елшісінің хадисіне амал еткендігінің белгісі. Сол секілді орта ғасырда Сауран қаласында азан шақырған кезде тербелмелі мұнаралар болған. Мұндай мұнара Сауран мен Исфахан қаласында ғана болған деседі. Орта Азия ислам дінінің дамыған ордасына айналды. Себебі көптеген діни кітаптар, аңыз әңгіме, қиссалар осы көшпенді түрік халықтары арасында тарады. Тіпті Сығанақ қаласынан шыққан усул ғалымы Хусамуддин Сығанақидің усул еңбегі ислам ғалымдары арасында әлі күнге дейін жоғары бағаланып келеді. Мүмкін осы себептерден болар «Құран Мекке де түсті, Стамбулда басылды, Мәуреннахр да түсіндірілді» деген сөздің айтылғаны.

Ислам діні ұлттық дәстүріміздің ажырамас өзегі. Осы өзектен ажырату үшін түрлі арандатушылық іс-әрекеттер жүргізілуде. Халқымызда қалыптасқан ата-анаға деген құрмет, ілтипатты қимыл іс-әрекетпен көрсетуді Құдайға серік қосты деп мұсылмандарды айыптау іс-әрекеттері болуда. Біздің негізгі бағытымыз осындай құйтұрқы амалдарға алданбай ата-бабамыз салып кеткен сара жолдан айнамай әлі де болса ислам мәдениетіне өз, адамзаттық құндылықтарға өз үлесімізді қоса беру болмақ.

Қ.ҚОСМАХАНОВ,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.

Деструктивті діни ағымнан ада қоғам-тұрақты елдің негізі

Қазіргі жаһандану заманында ақпарат кеңістігінің кеңеюі, әлеуметтік желілердің ықпалы, діни білімнің жетіспеушілігі—қоғамда әртүрлі діни көзқарастардың, соның ішінде деструктивті ағымдардың таралуына жол ашып отыр. Бұл мәселе әсіресе жастар арасында белен алып, ел ішіндегі рухани тұрақтылық пен ұлттық тұтастыққа қауіп төндіруде. Сондықтан деструктивті діни ағымдардан ада қоғам құру—мемлекеттің қауіпсіздігі мен тұрақты дамуының басты кепілі болып табылады.

Деструктивті діни ағым дегеніміз не?

«Деструктивті» сөзі латын тілінен аударғанда «бұзушы, жоюшы» деген мағынаны білдіреді. Демек, деструктивті діни ағым—бұл дәстүрлі діннің атын жамылып, қоғамда бүлік, алауыздық, зорлық-зомбылық пен радикал көзқарасты насихаттайтын топтар. Олар көбінесе жастар мен діни сауаты төмен азаматтарды арбау арқылы өз

қатарына тартады.

Деструктивті діни ағымдардың мәні мен сипаты

Деструктивті діни ағымдар—бұл қоғамда алауыздық, ірікті, төзбеушілік пен радикалды көзқарастарды насихаттайтын топтар. Олар көбінесе дәстүрлі дінді бұрмалап, өз мүддесіне пайдалана отырып, адамдардың санасын улайды. Мұндай ағымдардың мүшелері мемлекеттің заңдары мен зайырлы құрылымына қарсы шығып, шариғатты бұрмаланған түрде қолдануды талап етеді. Олардың қызметі көбінесе құпия түрде жүргізіліп, әлеуметтік желілер мен бейресми діни сабақтар арқылы жүзеге асады.

Деструктивті ағымдардың қоғамға тигізетін залалы

Деструктивті діни ағымдар қоғам үшін аса қауіпті құбылыс болып саналады. Олар:

- Қоғам бірлігін бұзады. Жат ағым өкілдері халықты өзара сенімсіздікке, күдікке итермелеп, ұлттық бірлікті әлсіретеді.
- Отбасылық институтты әлсі-

ретеді. Мұндай ағымдарға кірген адамдар өз ата-анасын, туған-туысын «кәпір» деп, қарым-қатынасты үзіп жатады.

•Білім мен ғылымнан алшақтатады. Деструктивті топтар зайырлы білімді жоққа шығарып, жастардың дамуына кедергі келтіреді.

•Терроризмге жол ашады. Радикалды бағыттағы ағымдар адамды экстремистік әрекеттерге итермелеуі мүмкін. Бұл—қоғам мен мемлекет үшін үлкен қатер.

Қазақстан - зайырлы мемлекет

Қазақстан Республикасы—көпұлтты және көпконфессиялы зайырлы мемлекет. Бұл қағида ел Конституциясында нақты бекітілген. Зайырлылық—дінсіздік емес, керісінше, дін бостандығына кепілдік бере отырып, мемлекеттің діни идеологиядан тәуелсіз болуын қамтамасыз етеді. Яғни, көз келген дінге сену немесе сенбеу әр азаматтың жеке құқығы болып табылады. Алайда бұл

еркіндік теріс ағымдардың ел ішінде әрекет етуіне жол ашпауы тиіс.

Жат ағымдардан сақтану жолдары

Деструктивті діни ағымдармен күресу—тек құқық қорғау органдарының міндеті емес, ол бүкіл қоғам болып жұмыла атқарылатын жұмыс. Бұл бағыттағы басты іс-шаралар мыналар:

1.Діни сауаттылықты арттыру. Жастарға дұрыс діни білім беру—жат ағымдардан қорғанудың ең тиімді жолы. Дінтану пәнін мектептерде, ЖОО-да сапалы оқыту қажет.

2.Ұлттық құндылықтарды насихаттау. Қазақ халқының тарихы, салт-дәстүрі мен мәдениеті ислам дінінің Ханафи мазхабымен ұштасып келеді. Осы бағытты сақтау—рухани имунитетті күшейтеді.

3.Ақпараттық түсіндіру жұмыстары. БАҚ, әлеуметтік желілер, мешіттер мен қоғамдық ұйымдар арқылы халыққа теріс ағымдардың белгілері мен зияны жайлы үнемі түсіндіру

қажет.

4.Отбасы тәрбиесі. Бала тәрбиесі отбасында басталады. Ата-ана балаға рухани, адами, ұлттық тәрбие беруі керек.

Қорытынды

Деструктивті діни ағымдар—қоғамның тыныштығына, мемлекеттің тұтастығына, ұлттың болашағына үлкен қауіп төндіретін құбылыс. Оларға қарсы тұру—бүгінгі күннің өзекті міндеті. Егер біз рухани сауатты, ұлттық құндылықтарын құрметтейтін, бейбітшілік пен келісімді бағалайтын ұрпақ тәрбиелегіміз келсе, онда мұндай ағымдарға жол бермеуіміз керек. Тек осындай жағдайда ғана біз тұрақты, біртұтас, берік мемлекет құра аламыз. Сондықтан деструктивті діни ағымнан ада қоғам—тұрақты елдің негізі болып қала бермек.

Д.ЗИЯБЕК,
Түркістан облысы дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.

Әрбір мемлекеттің тұрақты дамуы мен азаматтарының бейбіт өмір сүруі үшін маңызды негіздердің бірі—зайырлылық қағида-ты. Зайырлылық ұғымы көп жағдайда діни мәселелермен байланыстырылғанымен, оның мәні әлдеқайда кең әрі терең. Бұл қоғамда азаматтардың ар-ождан бостандығын, құқықтық теңдігін, рухани үйлесімділікті қамтамасыз ететін іргелі ұстаным. Қазақстан—тәуелсіздік алған алғашқы күннен бастап өзін демократиялық, құқықтық, зайырлы мемлекет деп жариялады. Бұл таңдау—кездейсоқ шешім емес, тарихи, саяси және мәдени тұрғыдан жақсы таразыланған бағыт болатын.

Қазақстандағы зайырлылықтың негіздері

Зайырлылық—дінге қарсы ұстаным емес. Ол мемлекеттің діннен бөлінгенін білдіреді, яғни дін мемлекеттік саясаттың құралына айналмайды, ал мемлекет дін ісіне араласпайды. Бұл қағида азаматтардың дінге сену немесе сенбеу құқығын толық қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, зайырлылық—барлық діни конфессиялардың теңдігін, олардың мемлекет алдында бірдей құқыққа ие екенін білдіреді.

Қазақстанда зайырлылық— діни еркіндікті шектеу емес, керісінше, оны қорғаудың және қамтамасыз етудің тетігі. Бұл жүйе арқылы мемлекет ешбір дінді артық та, кем де көрмей, бейтарап көзқарас ұстанады. Осылайша әрбір азаматтың діни сенімі, таңдау еркіндігі қорғалады.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы елді зайырлы мемлекет ретінде белгілейді. Ата Заңымыздың 1-бабында: «Қазақстан Республикасы—демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет» деп көрсетілген. Бұл бап мемлекеттің діни емес сипатта құрылатынын, яғни діннің билік

жүргізу ісіне араласпайтынын заң жүзінде бекітеді.

Сондай-ақ, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылы қабылданған Заң-өліміздегі діни қатынастарды реттейтін басты құжаттардың бірі. Бұл заң діни ұйымдардың мәртебесін, құқықтары мен міндеттерін нақтылап, олардың мемлекетпен өзара іс-қимылын реттейді. Осы заң аясында Қазақстандағы діни бірлестіктер әділет органдарында тіркеуден өтеді, олардың қызметі заң аясында бақыланады.

Қазақстанның зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуы—ұлттық тарихымыздың терең тамырларынан бастау алады. Қазақ халқы ислам дінін қабылдағанымен,

ешқашан діни фанатизмге ұрынбаған. Ата-бабаларымыз дінді ақыл мен парасаттың, имандылық пен тәртіптің бастауы ретінде қарастырған. Абай, Шәкәрім, Ыбырай сынды ағартушы тұлғалар дінді біліммен, адамгершілікпен байланыстыра отырып, оның рухани жағына мән берген.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан зайырлылық принципін мемлекеттің даму стратегиясының өзегі ретінде таңдап, халықаралық стандарттарға сай саяси-құқықтық жүйе қалыптастырды. Бұл ретте, діни төзімділік, мәдени әртүрлілік пен конфессияаралық келісім ел болашағын айқындаушы құндылықтарға айналды.

Бүгінгі таңда Қазақстанда 18-ден астам конфессияға тиесілі мыңдаған діни бірлестік қызмет атқарады. Мемлекет барлық дін өкілдеріне тең мүмкіндік беріп, олардың құқықтарын қорғауды басты назарда ұстайды. Жыл сайын өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Съезі еліміздің жаһандық бейбітшілік пен дінаралық диалогқа қосып

отырған үлесінің айқын көрінісі.

Мемлекет жастардың діни сауаттылығын арттыру, радикалдық діни ағымдардың алдын алу бағытында түрлі ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүзеге асыруда. Бұл бастамалар зайырлылықтың тек қағаз жүзінде емес, нақты өмірде жүзеге асып жатқанын дәлелдейді.

Зайырлылық—бүгінгі Қазақстанның ішкі тұрақтылығы мен сыртқы беделін нығайтатын басты факторлардың бірі. Бұл қағида арқылы мемлекет ұлттың рухани негізін сақтай отырып, өркениетті қоғамға қадам басады. Зайырлылық азаматтардың діни сеніміне құрметпен қарауды үйретеді, алауыздық пен экстремизмге

жол бермейді.

Келешекте де еліміз зайырлы мемлекет ретінде қалыптаса бермек. Ол үшін жастардың құқықтық және діни сауаттылығын арттыру, отбасы мен мектеп қабырғасында толеранттылық тәрбиесін беру маңызды. Қоғамдағы әрбір азамат осы құндылықты құрметтесе, еліміздегі бейбітшілік пен келісім мәңгілік болады.

Қорытындылай келе, Қазақстандағы зайырлылықтың негізі—бұл халықтың сан ғасырлық рухани тәжірибесіне, заңнамалық қағидаттарға және қазіргі заманның талаптарына сүйенген берік іргетас. Ол—әр азаматтың ар-ождан еркіндігін, қоғамдық татулықты, діни келісімді және елдің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін басты қағида. Осы ұстанымды сақтай отырып, Қазақстан болашаққа сенімді қадам баса бермек.

Е.Ештай,
Түркістан облысының дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.

Қаңтар атауы

«Қаңтар» сөзі негізінен түркілерге тиесілі. Күннің соншалықты қысқарып, қазыққа тартып байланған аттай қаңтарылып тұруына байланысты бұл айды қаңтар деп атайтын болған. Желтоқсанда күн қысқарып, түн ұзарып бітеді. Яғни, күн тоқырайды. Тоқырауға жеткен күн басын көтере алмайтын қаңтарулы аттай одан ары қысқара алмайды. Ай ауысып, ақпан басталар тұста күн қайтадан ұзара түседі. Мұндайда дана халқымыз «Қаңтарда күн қарға адым, ақпанда атан адым ұзарады» — дейді екен.

Алты ай қыстың қаһарына мініп, бұрқылдап, ысқырынып жатар тұсына сай келетін қаңтар айында қазақтар той тойлап, сапарлап ешқайда шықпайды. Мал төлдеп, сақманның басталар уақыты қаңтардың сарышұнақ аязына дөп келеді.

Ертеде жылдызшылар қаңтарды «дәлу»-деп атаған. «Дәлу» — сөзі тұрақсыздықты, жалғандықты білдіреді. Қаңтар тұрақсыз әрі амалы көп ай. Алғашқы амал — «Күннің таласуы» айдың алғашқы күніне тұспа-тұс келеді. Бұл кезде күн бой көтереді, ауа райы өзгеріп, қар жауады, сырғыма жүреді, боран болуы да мүмкін.

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов декабрь айын «ақпан» деп атап жазған. Ақпан «жылдың ең соңғы айы» деген пікірді халық календарын зерттеуші М.Исқақов та білдіріпті. Халқымызда «Жылан ысқырып шығады», «Жылқы осықырып кіреді» деген қанатты сөз бар. Осы аптаның соңында ескі жыл бітіп, жаңасы келгенімен, табиғат өзгермейді. Өйткені, жаратылыстың өз заңы бар. Ол наурыздың 21-нен 22-сіне қараған түні өзгереді. Осы кезде жер-дүниенің бәрі жасарады, жасанады.

Табиғаттың тамыршысы атанған қажекең осы кезді Жаңа жыл деп атаған. Сондықтан қоян жылы бітпейді, жүре береді. Ұлудың келуіне әлі ерте... Алда қаңтардың қаһарлы амалдарының бірі де бірегейі — «Қыс шілдесі» келе жатыр. «Сары аяз» деген де атауы бар. Өте айбынды, аязды амал... Осы амал төңірегінде алыпқашпа әңгіме де аз емес.

Әлемдік күнтізбелерді зерттеген ғалым Мыңбай Ысқақов 1963 жылы жарық көрген «Халық календары» атты кітабында қаңтар күннің «қаңтарылып байланытын», одан әрі тұқырып қысқара алмайтын айы екенін жазады. «Түс кезінде күн көзі аспанның оңтүстік жағында және сол күнгі ең биік деңгейде болады. Бұл деңгей күн сайын өзгереді. Оның жыл ішіндегі ең биік қалыпта болатын уақыты жазғы күн тұқырау (22 маусым), ең төмен қалыпта болатын уақыты қысқы күн тоқырау (22 желтоқсан). Қаңтарулы аттың басының жерге жетпейтіні сияқты, қаңтардағы күн көзі де одан әрі төмендеп, көкжиекке жақындай алмайды. Ғасырлар бойы аспанды бақылап, жазық далада өмір сүрген қазақ халқы күн қозғалысының бұл ерекшелігін ерте заманда-ақ аңғарған. Осы бақылаудың нәтижесінде қаңтар атауы шыққан»,деп жазады ғалым. Оның атап өтуінше, қаңтарда күн қысқарып, түн ұзарып болады. Осыған сәйкес болғандықтан, ежелгі түркі тілінде безбен таразының таяғы да қаңтар деп аталған: безбеннің бір басы көтеріліп, екінші бас төмендеп барып тоқтайды.

Чуваш тілінде оңтүстік жақты және түс уақытын қаңтар дейді. Бұл да қаңтардың қазақша мағынасына жақын.

Қорыта келе қаңтар мен ақпан — қыстың ең суық айлары. Шаруақор қазақ кейде бұл екі айға жан бітіріп, тіл беріп сөйлетіп қоятыны бар. Ондағысы қатал қысқа қамданып, қымтанып келмесе жағдайдың қиын болатынын ескертуі болса керек.

Қаңтар айының жүзі ауып бітуге айналғанда ақпанға қарап айтыпты дейді: «Боз тоқтыда құйрық қалды, бозша қызда бұғақ қалды, қырлан, ақпан, қырлан!», — деп, Қаңтардың мұнысы — «қанша қаһарлансам да тияқтатуға мұшам келмейді, тоқтыда құйрық, бойжеткенде бұғақ қалды, енді өзің, ақпан, ақыра кірісші, мен алмаған өшімді өзің алшы» дегендей. Демек, жыл он екі айды шаруақор қазақ түрлі кейіпте елестеткен. Олар үшін Қаңтар мен Ақпан қатыгез, дұшпан сияқты.

Қаңтарда шортан қармақ қақпайды, алабұға ауға түспейді, табан балық торға ілікпейді. Қаңтар — Күн сәуле шашқанмен, жылу бермей, қыстың күшіне енер шағы. «Қаңтардың қарлы бораны» аталатын амал айы.

Қаңтар — «Үркер үйден көрінсе, үш ай тоқсан қысың бар» дейтін тоғыз тоғыс айы.

Қаңтар айының ақырғы күндерінде қыс қаһарына мінеді. Түкірген түкірік жерге түспей қатып қалатын сарышұнақ аяз болады. Оны біздің қазақ «қыстың шілдесі» деп атаған.

Қаңтар — атының өзі айтып тұрғандай, күннің барынша қысқарып, байланғандай қаңтарылып тұрып қалуына орай «қаңтар» деп аталыпты. Қыс қаһарына мініп, аяздан ауыл арасындағы қатынас үзіліп қалатындықтан бұл айды адамдар көбіне үйде өткізген. Малдың алды төлдеп, сақманның басталар уақыты да қаңтардың сарышұнақ аязына дөп келген. Сондықтан бұл ай шаруалар үшін бейнетті мезгіл болып саналады.

Қ.Салықбаев,
Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру және үйлестіру бөлімінің басшысы.

Ұлттық құндылықтар қазақ халқының рухани байлығы

Ұлттық құндылықтар—бұл әрбір халықтың жүрегі мен жаны, оның тарихы мен мәдениетінің тереңіне үңілген кезде ұрпақтан ұрпаққа жеткізіліп келе жатқан мұра. Олар халықтың санасының айнасы іспетті. Қазақ халқының ұлттық құндылықтары оның сан ғасырлық тарихының, дәстүрлерінің, өмір сүру салтының көрінісі болып табылады. Бұл құндылықтар бүгінгі күні халықтың рухани байлығына айналып, оны ұлт ретінде сақтап, дамытудың негізі болып отыр.

Қазақ халқы үшін отбасы мен туыстық қатынастар ерекше орын алады. Әрбір адам үшін ең қымбат нәрсе — оның жақындары, сүйікті адамдарымен байланысы. Қазақтар үшін отбасы — ең басты құндылықтардың бірі, ол ешқашан сыртқы күштерден ажырамайды. Отбасында өскен тәрбие мен жақсы қатынастар адамның мінез-құлқын қалыптастырып, оның болашағын айқындайды. Бұл ұғым қазақ қоғамында ерекше маңызға ие, өйткені «Туысқан — тұтасқан» деген түсінік бар, яғни туыстар арасындағы байланыс пен бірігу үлкен мәнге ие. Бұл бірлік бүкіл халықтың ішкі тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Халқымыздың қонақжайлылығы да әлемге әйгілі. Ұлттық құндылықтардың тағы бір маңызды аспектісі—қонаққа деген құрмет. Қонақ келгенде, үй иелері барынша оны құрметтеп,

жайлы жағдай жасауға тырысады. Қонақ келу — қазақ үшін қуаныш пен береке, оның құт-берекесі деп саналады. Мұндай қонақжайлылық қазақтардың мәдениетінің, жүрегі мен жанының үлкен бөлігін білдіреді.

Ұлттық өнер мен мәдениет, әсіресе, музыка мен айтыс, қазақ халқының ең маңызды рухани мұрасының бірі болып табылады. Қазақтың музыкасы мен халық шығармашылығы—оның жан дүниесін, тілін, мінезін көрсететін айнасы. Күй мен ән — ол тек дыбыс емес, ол халықтың сезімін, тағдырын, қуаныш пен мұңын, бейбітшілік пен ерлікті жеткізетін құндылықтар. Бүгінгі таңда қазақ музыкасы әлемдік сахнада да өз орнын тапты, бірақ оның түпкі мәні мен тарихи құндылығы ешқашан өзгермейді.

Ұлт құндылықтарының тағы бір көрінісі ретінде табиғатқа деген құрметті тілге тиек етсек. Қазақ халқының дәстүрінде табиғатпен үйлесімді өмір сүру маңызды орын алады. Табиғат — ол адам үшін қуат көзі, тіршілік тірегі. Қазақтар үшін табиғатпен үйлесімді болу — бұл тек экологиялық жауапкершілік ғана емес, ол ата-бабалардан келе жатқан таным мен дүниетанымның бір бөлшегі. Табиғатқа деген құрмет қазақ халқының күнделікті өмірінде де көрініс табады. Бұл құндылықтар тек қана табиғатты сақтап, оны қорғауға ғана емес, сонымен қатар оның байлығын

болашақ ұрпақтарға жеткізуге бағытталған.

Қазақ халқының ұлттық құндылықтары қазіргі қоғамда да өз маңызын жоғалтпайды. Әрбір ұрпақ осы құндылықтарды ұстанып, олардың негізінде өмір сүреді. Қазіргі әлемде жаһандану процесі жүріп жатқан кезде, ұлттық құндылықтардың маңызы бұрынғыдан да арта түсті. Олар тек жеке тұлғаны ғана емес, сондай-ақ қоғамды, елді біріктіретін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Ұлттық құндылықтарды сақтау және дамыту — бұл біздің рухани байлығымызды қорғау және болашақ ұрпаққа жеткізу деген сөз.

Қорытындылай келе, қазақ халқының ұлттық құндылықтары — оның мәдениетінің, тарихының негізі. Бұл құндылықтар ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, әрбір жаңа ұрпақтың рухани негізін қалайды. Оларды сақтап, бүгінгі қоғамда насихаттап, жастарға таныстыру арқылы біз ұлттық бірлікті сақтап, болашаққа сеніммен қадам басамыз. Ұлттық құндылықтарымызды қадірлеп, оларды құрметтеу—біздің болашағымызға, еліміздің дамуына қосқан ең үлкен үлесіміз болып табылады.

Д.Арынбек,
Түркістан облысының дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің көмекші маманы.

Ерлан інімді Қаратау ауылының іргетасы құрылғанына 60 жыл толу мерейлі шарасында Қаратау ауылында жолықтырған едім. Одан алдын тек телефон арқылы байланысып тұрдық. Сол мерекелік шарада ол: «-Мақсат аға, мен де сіз оқыған Ф.Энгельс атындағы орта мектепте төрт жыл білім алғанмын» деген болатын. Жалпы ауылда білім алып, әлемді білімімен мойындатып жүрген ауыл балаларының зеректігіне, оларды оқытқан сол уақыттағы ұстаздардың қарым-қабілетіне шексіз риза боласың. Сол жолы Ерлан ініміз ауылдың мерейлі шарасына арнайы келіп қатысып, отбасы атынан өзінің үлесін қосып кеткен еді. Біздің бүгінгі «Жерлестерімізді мақтан тұтамыз!» айдарының қонағы Ерлан Тасқынбекұлы Ашықбеков 1976 жылы 21 қаңтарда көршілес Қаратау ауылында дүниеге келген. Әкесі Ашықбеков Тасқынбек ағамыз (1950-2017)—Оңтүстік өңіріне белгілі



алды. Бұл жүйенің көмегімен бүгінгі күні жалпы сомасы 3 млрд тенгеден асатын 100 мыңға жуық алаяқтық сипаттағы қаржы операцияларына дер кезінде тосқауыл қойылып, азаматтардың мүддесі қорғалды.

Қазіргі таңда Ерлан Тасқынбекұлы банкаралық ақша аударымдарын жүргізетін еліміз үшін үлкен жүйелік маңызы зор, республикамыздың қаржы секторының «жүрегі» болып саналатын төлем инфрақұрылымының жұмысын үйлестіріп, басшылық жасап отыр. Төлем нарығы саласына басшылыққа келгелі қолма-қол ақшасыз төлемдердің саны 50 еседен астам артып, ақша айналымындағы оның үлесі 90%-ға жуықтады, бұл әлем елдерінің ішіндегі өте жоғарғы көрсеткіштің бірі. Жаңа төлем құралдары, цифрлы, мобильды банкинг жүйесі жоғарғы қарқынмен дамыды, оларды дамытуға құқықтық негіз жасалып, банктер мен мемлекеттік қызметтерді интеграциялау,

«Төлемдер мен төлем жүйелері туралы» Заңның негізгі авторы немесе 25 жасынан бері 25 мемлекетте білімін шыңдаған азамат

атпал азамат, Созақ ауданында жастайынан басшылық қызметтер атқарған, оның ішінде аудандық агро-өнеркәсіптік кешенінің төрағасы, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, Ф. Энгельс атындағы кеңшарда партия ұйымының хатшысы, бүгінгі «Аманат» партиясының атасы «Отан» партиясының атқарушы директоры, Теріскей аудандық округінің алғашқы әкімі, Қаратау кеңшарының, кейінірек Қаратау жеке-жұмыдық кәсіпорнын директоры қызметтерін атқарған еліне қадірлі, сылы, абыройы биік жан болатын. Анасы Молдақасымқызы Қазына апай (1950-2009)—медицина саласының қызметкері, Созақ ауданында акушерлік қызмет атқарып, 2000-нан астам нәрестенің кіндік шешесі атанған, жаны жайсаң, ізеттілігі бір кісіден артқан, ақ желеңді абзал жан еді.

Ерлан бастауыш білімді Қаратау елді мекендегі И.В. Панфилов атындағы орта мектепте алып (1-3 сыныптар), кейінірек өзі айтқандай Қарағұр ауылындағы (бұрынғы Ф.Энгельс атындағы кеңшарда) орта мектепте жалғастырып (4-7 сыныптар), 1993 жылы аудан орталығы Шолақ-қорған кентіндегі А.Байтұрсынов атындағы орта мектепті (8-11 сыныптар) үздік бітіріп шығады. 1997 жылы Алматы қаласында Қазақ мемлекеттік Аграрлық университетін де экономист-қаржыгер маманы (қаржы және несие мамандығы) бойынша үздік бітіреді.

Оның бойындағы жастайынан білімге ымытылу, ізденімпаз, талапшыл болуына, қоғамды прогресске жетелейтін қайраткерлік қасиетінің қалыптасуына әжесі Мақұлбекқызы Ұлтуар апамыздың да ықпалы мен берген тәрбиесі зор әсер етті. Сол арқылы қазақ қоғамында әже институтының ерекше орнын байқай аламыз.

2001 жылдан бастап осы уақыт аралығына дейін Ерлан Тасқынбекұлы көптеген елдерде, оның ішінде Оңтүстік Корея, Германия, Малайзия, Австрия, Жапония, Сингапур, Голландия, Португалия, Швейцария, Франция, Италия, Швеция, Англия, АҚШ және т.б. елдерде халықаралық қаржы ұйымдары мен орталық банктер өткізген курстар, семинарлар мен конференцияларға қатысқан. 1999 жылғы сәуірден бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде жетекші экономист қызметінен бастап, әр түрлі қызметтерді атқарады: басқарма бастығының орынбасары, бастығы, департамент директорының орынбасары. 2016 жылғы шілдеден бастап департамент директоры қызметін атқарып

келеді.

Ашықбеков Ерлан Тасқынбекұлы ондаған ғылыми мақалалар мен жарияланымдардың авторы, көп еңбектері банк саласына, қаржы секторының инфрақұрылымын дамыту, ақша айналымы мен инновациялық төлем жүйелері және цифрлық технологияларды енгізуге қатысты.

2016 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының «Төлемдер мен төлем жүйелері туралы» Заңының негізгі авторы, елімізде электронды ақша айналысын енгізу бойынша құқықтық база әзірлеп, алғашқы отандық жүйені енгізді. Банк және қаржы саласында халықаралық стандарттарға негізделген заманауи инфрақұрылым қалыптастыру, қаржылық қызметтің жаңа түрлерін енгізу мен дамыту, оларды мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдіру бойынша жүргізілген реформаларды жүзеге асырды.

ТМД аумағында бірінші болым Қазақстанның бүкіл қаржы жүйесін халықаралық стандарттарға негізделген банк есеп-шоттарының бірыңғай IBAN (International Bank Account Number) құрылымын жасақтап, енгізу, SWIFT-код банктік бірегейлендіру жүйесіне, электронды қаржы хабарламаларының ISO 20022 стандарттарына бейімделген жаңа инфрақұрылымына өтуге бастамашылық жасап, табысты жүзеге асыра білді. Бұл еліміздің қаржы жүйесін глобальды қаржы жүйелерімен ықпалдастыруды арттырып, төлем, қаржы операцияларын еліміз аумағымен қатар, трансшекаралық, ғаламдық жүйелерде кедергісіз жүруіне ортақ кеңістік қалыптастырып, жүргізу жылдамдығын арттырып, инфрақұрылымдық дамудың жаңа сатысына көтерді.

Қолма қол ақшасыз жасалатын төлем құралдарын модернизациялау, экономика салалары мен секторларының қалыпты жұмыс істеуін, экономика субъектілерінің арасында ақша айналысын қамтамасыз ететін төлем жүйелері мен қызметтерін реттеуді жетілдіру мен дамыту, қаржы нарығы инфрақұрылымының жұмыс істеуін қамтамасыз ету, оларға мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүргізу жүйесін қалыптастыру бойынша жұмыстарды ұйымдастырды.

2020 жылы пандемия кезінде жедел тәртіппен, санаулы күндер ішінде еліміз банктері мен азаматтарына аса маңызды қашықтан, Интернет пен мобильды телефон арқылы есеп-шот ашуға, әлеуметтік төлемдер жасауға, онлайн кредит алуға мүмкіндік беретін биометриялық идентификациялау жүйесін әзірлеп, іске қосып, банктердің пайдалануы-

на берілді. Бүгінгі күні бұл сервис арқылы азаматтар ай сайын 4 млнға жуық биометриялық сәйкестендіруден өтіп, қашықтан онлайн форматта қаржылық қызметтер түрлерін кеңінен қолдануда.

Қаржы транзакциялары онлайн режимінде жүргізілетін жаңа банкаралық Ұлттық клирингтік жүйе, онлайн банкингарқылы көрсетілетін банктік электронды қызмет жүйелері, қашықтан басқарылатын және цифрлы нысанда жүзеге асатын жаңа қаржы «өнімдері» мен қызмет түрлерін енгізу бойынша құқықтық негіз қалыптастырып, мемлекеттік деңгейде тиісті шараларды жүзеге асырды. Соның ішінде еліміздің қаржылық тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «VISA», «MASTERCARD», «UNION PAY» халықаралық глобальды корпорацияларымен тікелей келіссөздер жүргізіп, Қазақстанның жаңа тарихында алғаш рет ішкі банкаралық транзакцияларды толықтай отандық клиринг және процессинг жүйесіне көшу жұмысына жетекшілік етіп, табысты жүзеге асырды. Енді азаматтар мен бизнестің төлем карталары, мобильды қосымшалар арқылы жасалатын қаржы транзакциялары сыртқы шетелдік компаниялардың қызметі мен саясатына тәуелді емес, олардың жүруі мен үздіксіздігіне отандық инфрақұрылым жауап береді.

Бірқатар мемлекеттік Бағдарламалардың, соның ішінде Электронды үкіметті дамыту, Қаржы секторын дамыту, «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы, ұлттық жобалар, салалық Қаржы технологиясы мен инновацияларды дамыту тұжырымдамасын әзірлеуге тікелей қатысып, оларды жүзеге асыру бойынша шаралар кешенін дайындап, іске асыру жұмыстарын атқарды.

Ерлан Тасқынбекұлының тікелей ұйымдастыруымен соңғы жылдары Қаржы нарығының орталықтандырылған Ұлттық цифрлық инфрақұрылымын құру, оның ішінде ұлттық төлемдер жүйесінің банкаралық жаңа компоненттері (мобильды аударымдар, QR-код төлемдері), цифрлық банкинг, жеке тұлғалардың биометриялық сандық сәйкестендірудің жетілдірілген платформасы іске қосылды, сондай-ақ ұлттық цифрлық валюта-цифрлық теңге жобасын әзірлеу мен оны іске қосу бойынша республикалық деңгейдегі кең ауқымды шаралар жүйесі атқарылды. Сонымен қатар қаржы саласындағы алаяқтық операцияларға қарсы Ұлттық антифрод-орталығын құру бастамасын қолға алып, арнайы заң жобасын әзірлеп, 2024 жылы арнайы инфрақұрылымды іске қоса

заманауи банкаралық тиісті инфрақұрылымдар іске қосылды. Ұлттық төлем жүйелері арқылы өңделетін төлем операциялары мен банкаралық аударымдар, оның ішінде бағалы қағаздар нарығы, валюта нарығы, мемлекеттік төлемдер, күнделікті экономиканың әр саласында жасалатын азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша транзакциялар, көлемінің жылдық көрсеткіші 1,5 квадриллион теңгеге жетіп отыр.

2025 жылы Қазақстан Республикасында банктер және банк қызметі туралы жаңа заң жобасын әзірлеуге үлкен үлес қосып, оның аясында банк секторын жетілдіру, финтех технологиясын дамыту, елімізде алғаш рет криптоактивтер айналымын реттейтін, стейблкоин, криптовалюталар мен цифрлық қаржы мәмілелерін, қаржы құралдарының цифрлық нысандарын шығарудың ұлттық экосистемасын құру жұмысына бастамалық жасап, енгізді.

Өткен жылы Назарбаев университеті мен АҚШ-тың әлемге танымал Дьюк университетінің Фукуа Бизнес мектебімен бірлескен EMBA (Executive Master of Business Administration) программасы бойынша оқуға түсіп, қызметін үзбей жалғастыруда. 2025 жылдың күзінде АҚШ-тың Солтүстік Каролина штаты, Дарем қаласында орналасқан Дьюк университетіндегі резидентурасын табысты аяқтап келді. Еліміздің қаржы және банк саласын дамытуда жеткен жетістіктері мен сіңірген еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарымен «Құрмет» ордені (2023 ж.), «Ерен еңбегі үшін» медалі (2017 ж.), «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 30 жыл», «Қазақстан Конституциясына 25 жыл», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медальдарымен наградталды. Сондай-ақ «Еңбек сіңірген қаржыгер (Заслуженный финансист)» қоғамдық орденімен, «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгісімен марапатталған. Жұбайы Забида Жаманбайқызы екеуі үш ұл, бір қыз баласын тәрбиелеп өсіріп отырған өнегелі отбасының иесі. Аядай ауылдан түлеп шығып, еліміздің қаржылық саласын жаңартуда, жаңаша тың бастамалар мен өзгерістер жасап жүрген Ерлан сияқты жерлестерімізді мақтан тұтамыз. Жылқы жылы елудің есігінен еніп, елге елеулі еңбек етіп жүрген азаматтарымыздың қатары көбейе берсін!

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан журналистер
одағының мүшесі.

Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!

Сыбайлас жемқорлық-заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың деңгейіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі—ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Х.Оспанов,
Созақ аудандық СЭББ басшысы.

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған жағдайда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына 4-20-88 сенім телефонына хабарласуыңызға болады.

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.

Хабарландыру!

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2025-2026 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы С.Қожанов №15 мекен-жайында, 2026 жылдың қаңтарының 22 жұлдызында «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.

Анажан сені дәйім сағынамыз



Шолаққорған ауылының тұрғыны, ардақты ана, асыл әже, жаны жайсаң жан **Пірәнқызы Анар** анамыздың дүниеден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Асыл анамыздың жарқын бейнесі жүректерде сақтаулы.

Жаралған қайсарлықтан жаны нағыз,

Анажан сені дәйім сағынамыз!
Жүректің қалды мәңгі жылулығың,
Тағдырдың жазғанына бағынамыз.
40 күн жанымызда болмағалы,
Езіліп жүрек шіркін толғанады.

Анасы бар адамдар бақытты әйел,

Анаң болса қасыңда сол бағалы,—деп, Пірәнқызы Анар анамыздың рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, нағашы-жиен, жора-жолдастардың есіне саламыз.

Ас—18 қаңтар күні (17 қаңтар—қонақ асы, сағат 18:00-де Шолаққорған ауылы, Ә.Молдағұлова көшесіндегі өз шаңырағында) Шолаққорған ауылы, «Нұр-Аман» кешенінде сағат 12:00-де беріледі.

Асқа шақырушылар: Айдарбековтер әулеті, ұл-қыздары, немерелері.

Ауыл шаруашылығы жануарларын асырайтын заңды және жеке тұлғаларға, кәсіпкерлердің назарына!

ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті «Агроөнеркәсіптік кешеніндегі экономикалық саясаттың талдау орталығы» ЖШС-мен бірге ауыл шаруашылығы жануарларының иелеріне арналған «Төрт түлік» мобильді қосымшасы іске қосылған, бұл қосымша ауыл шаруашылығы жануар-

онлайн түрде жүзеге асыру; - а/ш жануарды жеке тұтыну үшін союға ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру ақпараттық жүйесінен (бұдан әрі-АШЖБ) тіркеуден шығару; -ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдар (құралдар) жоғалған не-

мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, профильді орнату және хабарлама алу үшін интерфейс қолжетімді. Мобильді қосымшаның екі модулі:

Атап айтқанда «Вет.маркет»-бұл әр түрлі ветеринариялық қызметтерді алуға, оның ішінде ауыл шаруашылығы жануарларын жалға

«Төрт түлік» мобильді қосымшасы туралы түсіндірме

ларының әрбір иесіне келесідей мүмкіндіктерді береді:

- ауыл шаруашылығы жануары иесінің ЖСН/БСН бойынша, құпия сөзді қолдана отырып немесе Мобильді азаматтар базасы арқылы растау смс-кодын пайдалану арқылы авторизациядан өту;

- қажет болған жағдайда жануарлар туралы барлық мәліметтерді көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарын алдын ала тіркеуді жүргізу;

- сатып алу-сату рәсімін

месе зақымданған жағдайда ауыстыруды жүзеге асыру;

- ветеринариялық паспорт беру және жануарлар мен жануарлардың иелері туралы мәліметтерді АШЖБ-да түзету бойынша мемлекеттік қызметтерді алу.

Сонымен қатар, мобильді қосымшада а/ш жануарларының иесі үшін оның ЖСН/БСН-де тіркелген жануарлардың тізілімі қолжетімді, бұл АШЖБ АЖ-де дәйексіз деректер болған жағдайда, а/ш жануарлары иелері тарапынан қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға

алуға, жұптастыруға немесе тасымалдауға және т.б. мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығы жануарларының етін сатуға және сатып алуға мүмкіндік беретін «Соғым» модулі әзірленуде.

Бүгінгі күнде, әзірленген мобильді Қосымшаны көптеген ауыл шаруашылығы жануарларының иелері пайдалануда.

ТО Ветеринария басқармасы «Ветеринариялық қызмет» ШЖҚ МКК Созақ ауданы филиалы.

БЖЗҚ

Жас отандастарымыз тұрғын үй жағдайын жақсарту және білім алу ақысын төлеуге 28,25 млн АҚШ долларын пайдаланды

2024 жылғы 1 ақпаннан бастап 2025 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша уәкілетті оператор жалпы сомасы 28,25 млн АҚШ долларына 188 242 өтініш орындады. Қаражат уәкілетті операторларға өтініш берушілердің банктік шоттарына есептеу үшін аударылды. Оның ішінде тұрғын үй мәселелерін шешу үшін 17,60 млн АҚШ долларына 116 579 өтініш, білім алу ақысын төлеуге шамамен 10,65 млн АҚШ долларына 71 663 өтініш орындалды.

Естеріңізге сала кетейік, нысаналы жинақтарды (НЖ) алушы барлық соманы немесе оның бір бөлігін пайдалануға құқылы. Пайдаланылмаған қалдық нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) сақталады.

Тұрғын үй жағдайларын жақсарту аясында қазақстандықтар қаржыларын көбінесе мынадай мақсатта пайдаланды: одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылысы жинақтарындағы салымды толықтыруға 17,23 млн АҚШ долларына 113 944 өтініш, тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарнаны енгізуге 126,70 мың АҚШ долларына 899 өтініш және азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алуға (түпкілікті есеп айырысу) 86,29 мың АҚШ долларына 643 өтініш орындалды.

Білім алу ақысын төлеу бойынша ең танымал қосалқы мақсаттар: Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе бір рет толық көлемде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (9,81 млн АҚШ долларына 64 877

өтініш орындалды), білім алу үшін жинақтау салымы туралы шарт бойынша білім алу жинақтау салымын толықтыру (580,04 мың АҚШ долларына 4 776 өтініш орындалды), шетелдік білім беру ұйымдарының оқыту қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде біржолғы (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (214,72 мың АҚШ долларына 1 633 өтініш орындалды).

Нысаналы жинақтар төлемін тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу мақсатында пайдалану бойынша уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісіндегі enpf.kz сайтында танысуға болады.

Естеріңізге сала кетейік, «Ұлттық қор-балаларға» бағдарламасына сай Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық кірісінің 50%-ы жылына бір рет 2006 жылы және одан кейін туған, Қазақстан Республикасының азаматы болып есептелетін балалар арасында бөлінеді. 2023 жылы барлық НЖ алушыларына 100,52 АҚШ доллары, 2024 жылы—129,38 АҚШ доллары есептелгенін хабарлаймыз. 2006 жылы туған азаматтарды қоспағанда, 2023 жылы Ұлттық қордан алғашқы қаражат есептелген балаларға биыл 3,04 АҚШ долларымөлшерінде инвестициялық кіріс есептелді. Нәтижесінде, 2006 жылы туған баланың нысаналы жинағындағы қаражат 100,52 АҚШ долларына тең болса, 2007 жылы туған баланың НЖШ-да 232,94 АҚШ доллары жинақталды.

Кәмететке толған азаматтар өздерінің НЖ туралы ақпаратты БЖЗҚ-ның немесе электрондық үкіметтің интернет-ресурстарындағы жеке кабинеті арқылы өз бетінше

алуы тиіс, содан кейін уәкілетті операторға АҚШ долларында банктік шот ашып, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу үшін НЖ төлеміне онлайн-өтініш беру үшін жүгіне алады.

2025 есепті жылдағы нысаналы талаптар, сондай-ақ инвестициялық кіріс нысаналы талаптарға қатысушыларға 2026 жылғы 1 ақпаннан кешіктірмей есептелетін болады.

2008 жылы туылған және 2026 жылы 18 жасқа толатын қазақстандықтардың нысаналы жинақтары да олардың нысаналы жинақтау шоттарына 2026 жылғы 1 ақпаннан кешіктірмей есептелетін болады.

«Ұлттық қор-балаларға» бағдарламасы бойынша есептер enpf.kz сайтына тұрақты түрде жарияланып отырады.

kids.enpf.kz сайтында және БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube-арнасында Бағдарламаның шарттарымен, қажетті нұсқаулықтармен танысып, өзіңізді қызықтыратын сұрақтарыңызға жауап ала аласыз. Сондай-ақ, «Ұлттық қор-балаларға» бағдарламасын іске асыру, бала кәмететке толғанға дейін және одан кейінгі іс-қимыл алгоритмі туралы бейне нұсқаулықты БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube-арнасында ісіндетмесі бойынша көруге болады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері — Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Педагог мәртебесін асқақтатқан республикалық жетістік

2026 жылғы 8 қаңтар күні Алматы қаласындағы Сүлеймен Демирел университетінің базасында мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтері арасында өткен «Педагогикалық идеялар фестивалі» республикалық конкурсы жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Аталған байқауға Түркістан облысының атынан Созақ ауданының білім бөлімінің «Таукент гүлдері» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-ның тәрбиешісі Агабекова Аерке Калдархановна қатысып, өз іс-тәжірибесін республикалық деңгейде сәтті қорғады.

Педагогтердің кәсіби өсуін ынталандыру, шығармашылық әлеуетін дамыту, заманауи педагогикалық тәжірибені біріңғай ақпараттық-білім кеңістігінде насихаттау және ақпараттық-коммуникациялық құзыреттіліктерін арттыруды мақсат еткен бұл конкурста Аерке Калдархановна II дәрежелі дипломмен марапатталды.

Жерлесімізді лайықты жетістігімен шын жүректен құттықтаймыз!

Алдағы уақытта да шығармашылық табыс, биік белестер мен толағай жеңістер тілейміз!



Жыр уақыт

Туған жерді сағындым!

Уақытында Созақ өңірінде сөзге шешен, әзілге өткір, ардагер ұстаз Жұмахан Төлебайұлын білмейтін кісілер болмаған. Одан бері қаншама көктем, қанша жаз, қанша қар түсіп, қанша рет қара белдер көктемді. Біздің редакциямызға сонау Теміртау қаласында тұратын ардақты ұстаздың қызы Әкима Жұмаханқызы хабарласып, «қасқадан төбел туар» деген тәмсілдің растығын әйгілеп елге деген сағынышын жырларымен жеткізгісі келген екен. Бізге бұл сәлемдемені құрбысы Шолпан Құрманқұлқызы жеткізіп берді.

«Әне-міне дегенше бізде жетпіс жасқа келіппіз. Қырынан қызғалдақ терген көкөрайлы белі, сағым буған даласы көз алдымызда мәңгілік қалған туған елімізді сағынышпен еске аламыз. Құрбым, ақын Әмина сонау Теміртау қаласынан ыстық сәлемін өлеңмен жолдаған екен. Осы орайда айтарым бірі ән салса, бірі биші, бірі әзілкеш парталас достарым Әкимадан бастап, Бибімария Сүгірбаеваны, Райхан Жартаеваны, Қалимаш Пәрімбековаларға шынайы шығармашылық, мықты денсаулық ұзақ ғұмыр тілеймін!»-дейді Шолпан құрбысы.



КӨЗ КӨРГЕНДЕР

Көз көргендер азайып барасыңдар,
Іздесең бір-біріңді табасыңдар!
Кездессек сағынысып жиын-тойда,
Өткенді айтып мәз болып қаласыңдар.

Бәріңде орта жастанасқаныңдар,
Арқадан інілерді қаққаныңдар!
Балаңның баласына- Ата болып
Тойды бастап, шапанды жапқаныңдар.

Қарасам көз тоқтатып мен сіздерге!
Шау тартқан кәдімгі шал боп қапсыңдар,
Шіркін-а! зулап өткен қысқа өмір
Етегіне таудың бір кеп қапсыңдар!

Таудан түстім екен деп мойымаңдар!
Ақылмен барлық істі басқардыңдар
Бұрынғы ескі досты көрген кезде,
Айтылмаған жан сырды ақтардыңдар!

Ақылды адам игі іске қадам бастар,
Қанша қойың болсада, серке бастар
Жағың түспей жамандық көрме деймін,
Аман жүрші көз көрген замандастар!!!

КӨНІЛ СЫРЫ

Тап-таза көңілімді ұғынатын
Жан барма ақ жүрегің ұсынатын,
Шыныңды айтсаң басқаға бұрмалаған
Кей жаманның сөзінен тығыламын!

Дос көңілі кіршіксіз қайнар бұлақ
Ағып жатыр ағыспен думанды күн,
Аузыменен кейбіреу орақ ораса
Көз алдыма келеді тұманды түн!

Көп сөзділік сайтанның ісі деген
Асыл сөзін Алпаның ұмытпағын,
Күле кіріп, күңіреніп шыға тұғын
Күншілді қасыңа сен жуытпағын

Шын сыйласақ кетпейді, ештөңеміз
Араны бекерге сен суытпағын
Дос көңілі бір атым насыбайдан,
Екендігін ешқашан ұмытпағын!

Алтын бесік-ауылым!

Келдім міне еліме, туып-өскен жеріме!
Сұңгіп кеткім келеді-ау, таудағы әсем көліне
Ауылда мен өзімді, әлі бала сезінем,
Балалық шақ кездегі, достарыммен кезігем!
Адамдары мен үшін, өте қымбат қимасым
Біразы өзім білетін, сыныптастар сыйласым!
Балалық шақ гүл сөзім, қызықты да әсерлі
Артқа кейін шегініп, жасарғым кеп кетеді!
Жалған мына өмірде, жастық-шақ қайтып келмейді
70-ке жасым келгенге, көңілім еш сенбейді!
Айналайын келдің бе?-деп арқадан қағатын
Ағалар аман жүріңдер, халқыңа әркез жағатын!
Туған жердің түтіні, түзу шықсын әрдайым,
Елдегі той қызықтан, шамам келсе қалмайын.
Амандығын елімнің шын жүректен тілейін,
Әрқашанда еліме тойға ғана келейін!

**Әкима Жұмаханқызы,
Теміртау қаласы.**

Кезекті әдістемелік кеңес



Өткен аптада Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектеп базасында аудандық әдістемелік кеңес өтті.

Кеңесте білім сапасы, жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиада, ғылыми жобалар мен бірқатар маңызды мәселелер қарал-

ды.

Күн тәртібінде барлық білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие жұмыстарының жүргізілуіне мониторинг жүргізіп, көрсетілген әдістемелік көмектің қорытындысы; білім беру ұйымдарының 2025-2026 оқу жылындағы II тоқсанның білім сапасының

үлгерімі және «BilimLand BilimClass» электронды журналын сапалы толтыруды қамтамасыз ету бойынша мониторинг қорытындысы, тірек мектептермен жүргізіліп жатқан жұмыстар, жоспардың орындалу барысы, барлық білім беру ұйымдары педагогтерінің қысқа мерзімді біліктілік арттыру курстарына қатысу мәселелері туралы, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы, 5-6, 7-8, 9-11 сынып оқушылары арасында өткен аудандық олимпиада қорытындысы, озат іс-тәжірибелерді аудан көлемінде тарату, сондай-ақ әр түрлі мәселелер қаралды.

Отырыс соңында барлық мәселелер талқыланып, жауапты тұлғаларға бірқатар тапсырмалар жүктелді.

«Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбында жиын өтті

9 қаңтар күні «Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ-де 8-11 сынып оқушылары арасында «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» тақырыбында қыз балаларға арналған жиналыс өтті.

Жиын мақсаты: білім алу мен білімді болудың маңызын түсіндіру, қыздарға тән мен ар тазалығы туралы түсінік беру, жеке бастың гигиенасын сақтаудың мәнін ұғындыру, жасөспірім қыздар арасында ерте жүктіліктің алдын алу болды.

Іс-шараға Созақ аудандық аурухана мамандары Шолпан Түкебаева, аудандық білім бөлімінің психология бойынша әдіскері Ерденева

Жансая, қамқоршылық маманы Бегайдарова Ақтолықын, мектеп әкімшілігі қатысты.

Жиналыс барысында қыз балаға берілетін тәрбиенің маңызы, қыздардың тән мен ар тазалығы туралы және жас кезінде жақсы тәрбие алған қыз бала саналы азаматша болатыны туралы жан-жақты талқыланды. Мектеп жасындағы қыз балалардың тағдыры жөнінде тағылымды ақпарат беріп, қыздардың сырласы анасы болғандықтан, анасынан ешқандай сыр жасырмау керек екендігін баса айтты.

Сонымен қатар, қыздардың кешкі уақытта үйден

шықпауын, интернет желісінде түрлі әлеуметтік желілерде отырмауын тапсырып, кеңестер берілді. Сонымен қатар қыздар арасындағы ерте жүктіліктің салдары, денсаулыққа зияны, өмірге қауіптілігі туралы ауқымды әңгіме жүргізіп, қыздардың жеке бас гигиенасы, тазалығы жайлы түсіндірме жұмыстары жасалды.

Жиналыс соңында қыз балалар арасында жат қылықтардың алдын алу жұмыстарын жүйелі жүргізілетіні ескертіліп, еркін пікір алмасу болып, кері байланыс жүргізілді.

«Созақ үні»-ақпарат.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Мақсат Қарғабай

Жауапты хатшы:
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ

Редакция құрамы:
Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілші
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш Тұрғанов

Қолжазбалар еңделеді, қайтарыпмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі 68, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3500 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев